

«ҚМПИ МҰРАЖАЙЫ» МӘЛІМЕТТЕР ҚОРЫН ҚҰРУ

Автор: Қалдыбек Д.Ж., «Информатика» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Айтбенова А.А., п.б.б.м., аға оқытушы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Ақпараттық қоғамда әр алуан саладағы адамның қызметі ақпарат пен ақпараттық өзара әрекеттестікті алу, түрлендіру, жеткізіп беру, сақтау, пайдалану, қолданбалы сипаттағы қазіргі заманғы ақпараттық жүйелерді жасау мен пайдалану үдерістерімен тығыз байланысты.

Болашақ мамандардан ақпараттар ағынына бағдар жасау біліктіліктерін, ақпараттық технологияларды меңгеруін, өз бетімен оқып-үйренуін, ақпараттың барлық түрімен жұмыс істеуін; қажетті ақпараттарды өз бетімен іздеу, талдау және таңдау; оны ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және тасымалдау біліктілігін талап етеді. Болашақ маманның бойында кәсіби құзыретті қалыптастыру, мәліметтер қоры негіздерін, мәліметтер қорынан ақпаратты сақтау мен сұрыптау және іздеу бойынша білім алушылардың білімдерін нақты өмірде пайдалана білу біліктілігі қазіргі замандық білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Әлемде көптеген мәліметтер қорын басқару жүйелері бар. Олардың әр түрлі объектілермен әр түрлі жұмыс істеу мүмкіндігі мен пайдаланушыларға әр түрлі функциялар мен жабдықтар ұсынатындағына қарамастан МББЖ-нің көбі ортақ негізгі түсініктердің тұрақты кешеніне негізделеді. Бұл бізге бір жүйені қарастырып, оның түсініктерін, әдістерін және тәсілдерін МББЖ-нің барлық классына жалпылауға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманда ақпараттық технологиялардың дамуына байланысты әлеуметтік-экономикалық салалар автоматтандырылуда. Соған сәйкес бұл салаларды басқару орталықтандырылған жүйе бойынша жүзеге асырылуда.

Мәліметтер қоры бұл ақпараттарды сақтау үшін арналған ұйымдастырылған құрылым. Бүгінгі күнгі мәліметтер базасын басқару жүйелері (МББЖ) өз құрылымында тек қана мәліметтерді ғана емес, сонымен қатар тұтынушылармен немесе басқа да программалық-ақпараттық кешендермен қарым-қатынас жүзеге асырылатын әдістерді (яғни, программалық код) де орналастыруға мүмкіндік береді.

Мәліметтер қоры дегеніміз – бір немесе бірнеше компьютерлердің кіру рұқсаты бар, электронды түрде сақталған ақпараттар. Әдетте мәліметтер қоры мәлімет алу үшін және мәліметтерді сақтау үшін құрылады [1].

Мәліметтер қорының тиімділігі:

- қандай да бір оқу орнының студенттері немесе оқушылары жайлы мәлімет алып, сақтауға мүмкіндік береді;
- сабақты иллюстрациялық материалдармен жабдықтауға көмектеседі;
- кез-келген уақытта, яғни жұмыста немесе жұмыстан тыс жерлерде мәліметтер қорына өзгерістер енгізуге болады.

Мәліметтер қорымен жұмыс істеуді үйрену арқылы адамзат өміріндегі ақпаратты сақтау бойынша көптеген мәселелерді дұрыс, тез әрі тиімді шешуге мүмкіндік алады. Ол ірі корпорация, техникалық зауыт, жеңіл өндірісінің фабрикасы, сауда орталықтары немесе кішігірім үй кітапханасы болсын мәліметтерді есепке алуға, оларды өңдеуге, сақтауға, қосуға, жоюға бағытталған әрекеттерге сұраныс міндетті түрде пайда болады.

Мәліметтер қорын таңдау кезінде қойылған талаптар:


- иілгіш, икемді орта;
- жалпыға ортақ, көпқолданушылық;
- жеңіл, әрі тез құрал;
- реляциялық.

Талаптарға сай келетін мәліметтер қорларының бірі таңдалған Microsoft Access мәліметтер қоры.


Microsoft Access мәліметтер қоры – Microsoft Windows ортасында ең көп қолданылатын реляциялық МҚБЖ. Microsoft Access – көптеген қосымшалар үшін мәліметтерді сақтау, сұрыптау және іздеуді қамтамасыз ететін дербес компьютерлерге арналған МҚБЖ [2].

Бұл жұмыс MS Access қосымшасында жасалды. Менің «ҚМПИ мұражайы» атты жұмысымда Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының тарихи мәліметтері жинақталған. Бұл жүйе ұйымның бірыңғай мәліметтер қорының көп пайдаланушылық мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Мұнда жаңадан ақпаратты енгізуге, іздеуге, есеп беруді ұйымдастыруға, мәліметтерді өзгертуге және т.б. жасауға болады. Мәліметтер қорын құрғанда пайдаланушы әртүрлі белгілері бойынша реттеп, одан көптеген басқа да белгілердің жинақталуы бойынша таңдау жүргізе алады. Мұндай жұмысты мәліметтер құрылымы тәртіптелген жағдайда ғана жүргізуге болады.

«ҚМПИ мұражайы» мәліметтер қоры педагогикалық институтының тарихи мәліметтерін жинақтап, қызметкерлердің жұмысын жеңілдетуге бағытталған.



1-сурет – Басты форма



2-сурет – Экспонат мұражайы негізгі формасы

Экспонат мұражайы

Экспонат нөмірі:

Бөлім:

Түскен күні:

Саны:

Экспонат атауы:

Табыс көзі:

Материал:

Жазылуы:

3-сурет – Экспонат мұражайы формасы

Сонымен, мәліметтер қорын құру барсында студенттердің ақпараттық құзыреттілігі қалыптасады және өзінің іздену қабілеттері артады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Хомененко А.Д., Цыганков В.М., Мальцев М.Г. «База данных». – СПб: КОРОНА, 2002.

2. Харитоновна И.А., Михеева В.Д. MicrosoftAccess 2000. – СПб.: БХВ – Санкт-Петербург, 2000. – 654с.

«PYTHON ОРТАСЫНДА БАҒДАРЛАМАЛАУ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУ ҚҰРАЛЫН ЖАСАУ

Авторлар: Құралбай Ұ.Е., «Информатика» мамандығының 4 курс студенті,

Айтбенова А.А., п.б.б.м., аға оқытушысы

Ғылыми жетекшісі: Айтбенова А.А., п.б.б.м., аға оқытушы

Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Қазіргі кездегі қарқынды жүріп жатқан жаһандану үрдісі әлемдік бәсекелестікті күшейте түсуде. Елбасы Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы атты жолдауында «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі» деп атап көрсетті [1].

Елімізде ЖОО-да білім беру саласында компьютерлік бағдарламалармен қамтамасыз етуді жетілдіру және ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді дамытуға арналған көптеген жұмыстар атқарылуда. Сондай-ақ, келешекте материалдық-техникалық қамтамасыздандыру жұмыстары интернет желісін қолданудың сапалы жолдарын жетілдіру, пән дәрісханалары мен зертханаларды компьютерлендіру, мультимедиалық кабинеттер түрінде жабдықталған электрондық оқу залдарын құруға негізделген.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

Электрондық оқу құралымен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау және ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану білім алаушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайды.